

Кезектен тыс педагогикалық кеңес № 5

Өткен күні: 3.04.2025 ж.

Қатысқандар: 19

Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Айналайын» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында кезектен тыс №5 педагогикалық кеңес болып өтті.

Күн тәртібінде:

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы.

Тыңдалды:

Бөбекжай директоры Г.О.Киянова күн тәртібіндегі мәселе бойынша айтып өтті. 2024-2025 оқу жылының 28 ақпан мен 3 сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттеструдың өлшемшарттарына сәйкес, бөбекжай өзін-өзі бағалауды өткізгені туралы есеп берді.

1. Г.О.Киянова – бөбекжай директоры комиссия төрағасы;
2. Н.К.Жолмағанбетова – бөбекжай әдіскері, комиссия мүшесі;
3. С.О.Сосыкбаева – тәрбиеші, комиссия мүшесі;
4. К.Т.Колкабаева – бөбекжай педагог-психологы, комиссия мүшесі;
5. Ж.К.Кенжебаева – бөбекжай тәрбиешісі, комиссия мүшесі;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының әдістемелік нұсқаулығының 1, 2, 3, 4, 5 - қосымшалары негізінде 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарын қамти отырып, жұмыстар жүргізілгендігі айтылды.

Н.К.Жолмағанбетова өзін-өзі бағалау қорытындысының есебін айтып өтті.

Қаулы:

1. Өзін-өзі бағалау өлшем шарттарының 4-қосымшасына сәйкес **39 балл "жақсы"** деп танылсын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне мерзімінде жіберілсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:
Хатшы:



Г.О.Киянова
М.Айжарықова